



БҰЙРЫҚ

№ 02.09.2022

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 202

Город Караганда

Ыстық аспен тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылдың 10 желтоқсанындағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 31 қазанындағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 24.05.2021 жылғы №231 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) және Қарағанды облысы білім басқармасының 2021 жылдың 31 тамыздағы №579 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Ж.Ералиева 1 және 2 ауысымдағы білім алушылардың мектеп асханасында тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысына басшылық етсін.
2. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін есепке алу жұмысына жауапты болып мектептің әлеуметік педагогы А.Б.Күзеубай тағайындалсын.
3. Әр сынып бойынша асханадан тамақтанушы оқушылардың тізімі жасалсын.
4. 5-11 сынып оқушыларын жалпы білім беру қорынан тегін тамақтандыруға қою. (№1 оқушылардың тізімі)

5. 7 оқушыны мектеп асханасын жалға алушы Ким Сунхи Анатольевнаның есебінен тегін тамақтандыруға қою. (№2 оқушылардың тізімі)
6. Бас есепшінің м.а. З.Р.Мадиева «Жалпы оқу» қорынан ақшалай қаржы бөлсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



Л.В.Горбунова

Бұйрықпен таныстым:

Р.Ж.Ералиева
А.Б.Күзеубай
З.Р.Мадиева